

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 497 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 желтоқсанда № 31134 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 51) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. "Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі

A. Аймагамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрі

2022 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 497 Бұйрығымен

бекітілген

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға арналған өтемақыны төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 51) тармақшасына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) білім алушылар - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім ұйымдарының студенттері;

2) жол жүру өтемақысы - мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бөлігін өтеу үшін берілетін ақшалай төлем;

3) өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар-республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

3. Жол жүру өтемақысы республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен төленеді.

4. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсысты орындатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жыл сайын республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу кезінде білім алушыларға жол жүру үшін ақшалай өтемақыларды төлеуге арналған қаражатқа қажеттілік есебін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

5. Жол жүрге өтемақы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың мынадай санаттарына төленеді:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу ұйымдарында құндізгі оқу нысанында оқытындарға жылына екі рет, қысқы және жазғы каникул кезеңінде, тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) 2 еселенген мөлшерінде;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу ұйымдарының басқа қалалардан келген түлектерге - жылына бір рет 2 еселенген АЕК мөлшерінде.

6. Білім алушыларға жол жүру өтемақыларын төлеуді өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар жыл сайын каникул кезеңі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде білім алушылардың карт-шотына аудару жолымен жүргізеді.

Жол жүру ақысы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінің кестесіне сәйкес қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жол журуді растайтын құжаттар (жол жүру билеті мен отырғызу талонының, автобуспен жол жүрген кезде тек жол жүру билетінің) болған жағдайда төленеді.

Басқа қаладан келген студенттер мен бітірушілерге жол жүру өтемақысы осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынбай, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінің кестесіне

сәйкес олардың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растигын "Ұлттық білім беру дереккоры" ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған деректер негізінде төленеді.

**Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.**

7. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес қаржы жылы аяқталғаннан кейін өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жол жүру өтемақыларын төлеуге арналған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК